

**Қаратау құрылыс-техникалық колледжінен
құрылған қамқоршылық кеңес отырысының
Хаттамасы**

Қаратау қаласы

28.12.2023 ж.

Қатысқандар :

Омаров Құдиярбек Кеңесбекұлы - «Казфосфат» ЖШС, «Шолақтау» ТКӨК директоры, қамқоршылық кеңесінің төрағасы, Маселбеков Докторбек Манатбекұлы - «AMANAT» партиясы Талас аудандық филиалы төрағасы, Есқарасев Мамырбек Сағынтайұлы - «Игілік» көп салалы кәсіпорны басшысының орынбаасары, Өмірзақов Жазылбек Қойбағарұлы - Талас аудандық электр желісінің бас инженері, Манатбек Нұрсұлтан Жексенбекұлы - «Жастар» ресурстық орталығының директоры, колледж түлегі, Абдибекова Айтолкын Сериковна - Талас ауданы әкімінің орынбасары, Усенова Жанар Абдикадировна - ата-аналар комитетінің төрайымы, Тусипова Камила Алиевна - ата-аналар мүшесі, хатшы И. Қожамбаева - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Қатыспағандар: Абдибекова Айтолкын Сериковна - Талас ауданы әкімінің орынбасары /белгілі себеппен/

Маселбеков Докторбек Манатбекұлы - «AMANAT» партиясы Талас аудандық филиалы төрағасы /белгілі себеппен/

Шақырылғандар :

Колледж директоры Д.Маселбеков, директордың өндірістік -ісі жөніндегі орынбасары А. Ильясов , ТАЮП инспекторы –Т. Серік / .

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын бекіту және кеңес мүшелері арасында өзара міндеттерді бөлу
2. Мамандықтар бойынша оқу шеберханалары мен зертханалардың құрал-жабдықтармен қамтылуы және оқу үрдісінде қолданылуы /Баяндамашы: директордың өндірістік -ісі жөніндегі орынбасары А. Ильясов /
3. Колледж инспекторының жұмысын тыңдау / Баяндамашы: ТАЮП инспекторы – Т.Серік /

Тыңдалды :

1.Бірінші мәселе бойынша Кеңес төрағасы өз баяндамасында, колледждің 2022 жылы атқарған жұмыстарына жан-жақты толық ақпарат берді. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын отырыс барысында мүшелерге таныстырып, бекітуге және кеңес мүшелері жыл барысында атқаратын жұмыстарына өзара міндеттерді бөліп тұрақты жұмысты жасау қажет екенін түсіндірді. Сонымен қатар колледж жетістіктері мен алдағы атқарылатын жұмыстар туралы айтылды. Баяндаманың толық мәтіні тіркелген.

Екінші мәселе бойынша директордың өндірістік -ісі жөніндегі орынбасары А. Ильясов сөз алды:

Шеберханалардың материалдық-техникалық базасы талапқа сай жасакталған. 600-ге тарта қондырғы, құрал-жабдықтар, приборлар мен станоктардың ішінде 65% заманауи болып саналады, яғни 8 шеберхана, 9 зертхана заманауи қондырғылармен жабдықталған.

Шеберлердің жұмыс жоспарлары, паспортизациялары мен өткізу-қабылдау актілері бекітілген. Сонымен қатар, барлық зертханаларда өткізілетін зертханалық жұмыстарға студенттерді жіберу жөніндегі ТҚ журналдары арналып, беттеліп, түптеліп, арнайы қолмен, мөрмен рәсімделіп қойылған. Барлық оқу кабинеттері мен оқыту шеберханаларында ТҚ ережесі мен мүліктер тізбесі жасалынып,

бекітілді. «Жас маман» жобасына қатысқан мамандықтар бойынша осы мерзімге алынған қондырғылар мен станоктардың, машина - механизмдердің тізіміне сәйкес, 0902.000 мамандығы бойынша - 12, 1201.000 мамандығы бойынша – 23, ал 1401.000 мамандығы бойынша 20 қондырғы құзіреттілік орталықтарына орналастырылып, жауаптылары бекітілген. Құзіреттілік орталықтарының жауаптылары арқылы орталықтағы қондырғыларды қосу мен оқу процесінде пайдалану жолға қойылған. Алынған қондырғылар бойынша оқу және өндірістік оқыту тәжірибелері кезінде тәжірибе жетекшілері студенттерге қондырғыларды толық игеруге үйретіп ғана қоймай, өтіп жатқан тәжірибелерді арнайы видеоролик арқылы колледж чаты мен әлеуметтік желілерге салып отырды. Сонымен қатар, «Worldskills» колледжішілік чемпионатын өткізу және өңірлік, Ұлттық чемпионаттарға дайындық пен 1201, 0902 мамандықтарының бітіруші курстары үшін Демонстрациялық емтихандар да құзіреттілік орталықтарында өткізілді.

Дегенмен колледждегі 10 мамандықтың ішінде 0715- «Слесарлық ісі», «Дәнекерлеу ісі» және 0711 мамандықтарының материалдық-техникалық базасы толықтыруды қажет етеді.

Енді шешу жолдары –ол, біріншіден мекемелердің өнірістік базаларын пайдалануға келісім-шарттарға отыру, екіншіден материалдық –техникалық базаны дамытуға арналған перспективалық жоспар бекітіп, мемлекетік сатып алу жоспарына еңгізіліп отыр.

Үшінші мәселе бойынша Колледж инспекторы Ж. Көпжасаров сөз алды.


Колледжінің мобильдік тобы құрамында директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары И. Қожамбаева, Талас АПБ ЖПКБ ЮПТ инспекторлары, полиция капитандарымен Ж.Көпжасаров (колледж инспекторы) жаңа оқу жылы барысында кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және зерделеу мақсатында жасөспірімдердің мекен-жайы бойынша ата-аналармен (қамқоршыларымен) түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Іс-шара барысында жекелеген студенттердің мінез-құлқына мониторинг жүргізу көзделгендіктен, олардың көршілері де қамтылды. Жұмыс жасалған студенттермен қосымша колледждің педагог-психологы жұмыс жүргізіп сауалнамалар алынды.

Қамқоршылық кеңес отырысына қатысқандардың және сөз алғандарды тыңдап, ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын бекітіліп кеңес мүшелері арасында өзара міндеттерді бөлу жұмыстары тұрақты жасалсын.
2. Мамандықтар бойынша оқу шеберханалары мен зертханалардың құрал-жабдықтармен қамтылып оқу үрдісінде қолданылуын бақылау А. Ильясовқа жүктелсін.
3. Колледж инспекторының іске асыруда қабылданған іс-шаралары тапсырмаға сәйкес орындалсын.

Төрағалық етуші :

Хатшы :



Қ.К. Омаров

И. Қожамбаева